

## КҮЙ ӨНЕРІ

**Бекбосын Айбек**

[Ra2030@mail.ru](mailto:Ra2030@mail.ru)

Лев Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің  
Мәдениеттану мамандығының 2 курс магистранты  
Ғылыми жетекші – Ғарифолла Есім

Қазақ жұртының басқа халықтардан ерекшелігі - ол көнеден келе жатқан, қадірлеп, көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналған өзінің ұлттық музыкасының болғандығы. Соның бірегей өнерінің бір шыңы - домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, түрленіп жеткен. Тіпті, халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Халқымыздың мәдениеті мен күнделікті тұрмысында маңызды орын алатын дәстүрлі аспап - домбыра.

«Домбыра - қазақ музыка мәдениеті тарихындағы ел ішіне кеңінен тараған аспап. Үй-ішінің біреуі домбыра шертпейтін отбасы қазақ арасында кем де кем. Халықтың әншісі, ақын-жырауы, ұзақ дастандарды жатқа айтатын жыршылары - бәрі де «әу» деп аузын ашқанда, өлеңін домбыраның үніне қосып шырқайды. Әсіресе, «бармағынан бал тамған» халық күйшісінің қолына тигенде домбыраның үні құлақ құрышын қандырады, бұл кезде қос ішек күңірене сөйлейді. Көшпелі жұрттың өмір серігі болған осы аспап қазақ халқының хатқа түспеген тарихының талай беттерін паш етеді», - деп Ахмет Жұбанов домбыраның маңыздылығын атап өткен.

Домбыраның үнінен қазақ даласының дархандығын, ел-жұртының кеңдігін аңғаруға болады. Күй - музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Музыка өнерінің дамуына байланысты күйлер халық аспаптары оркестрлерінің репертуарларында көп орындалады. Күй - қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының аспаптық музыкасына тән атау. М. Қашқариға сілтеме жасай отырып, күй сөзінің төркіні «көк» деген түркі сөзінен шығуы мүмкін деген болжамдар да бар. Күй XIV ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптаса бастады. Күйлер мазмұны аңыз-ертегілерге, нақтылы тарихи оқиғаларға құрылып, көбіне бағдарламалы түрінде дамыды. Онда халықтың басынан өткен тауқымет пен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныс пен өрнек-баяуын тапты. Күйдің мелодиялық-формалық құрылысы, ырғақтық-орындаушылық әдістері сан алуан. Мысалы, Құрманғазының күйлері жігерлі, екпінді, ал Дәулеткерейдің күйлері романтикалық лирикаға негізделген. Тәттібеттің күйлерінің әуені әсем, тәтті мұң мен қоңыр сазға толы болса, Қазанғаптың күйлері құбылмалы, ойнақы, төкпе жыр іспетті болып келеді.

Осы тұста мен ақын Шәкір Абеновке тоқталсам деймін. Шәкір Әбенев 1900 жылдың 10-шы қаңтарында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Құндызды ауылында дүниеге келген. Ол - халық ақыны, фольклоршы, сазгер. Азан шақырып қойған есімі - Мұхаммедшәкһүр. Бұл есімді оған әкесі Әбен қояды. Шәкір бала жасынан әке тәрбиесін көріп өседі. Ауыл молдасынан мұсылманша хат танып, Шәкір Семейдегі «приходская мектебінде» 3 жыл оқиды. Осылайша, мұсылманша және орысша сауат ашып, 1915 жылы Семейдегі ер балалар гимназиясына оқуға түседі. Алайда бір жылдан кейінгі қиыншылықта оқуын аяқтай алмай қалады. Әкесі Шәкірді 13 жасында Көсембай Айдосов деген белгілі байдың қызы Шәрәпиге үйлендіреді. Алғашқы өлеңі «Борсықтар» деген атпен 1916 жылы «Айқап» журналында басылған. Сол кездері жас ақын қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровпен танысады. Жас Шәкірдің өнерге деген қызығушылығын оятқан кісі – «Ағаш аяқ» деген атпен танымал Берікбол Көпенұлы. Ақын, әнші әрі композитор Берікболдың

таланты цирк ойындарымен де танылады. Қиып түсер қырғидай тілі бар Шәкір өз айналасындағы әділетсіздіктерді көріп күйіне жырлайды. Қолына үш ішекті домбыра ұстап, ән айтып, ел аралап, небір сұмдықтардың куәсі болады. Нәубет жылдары бас сауғалап Мақаншы жақты паналаған ақын 1930 жылдары аудандық тері-терсек мекемесінде алғашында қабылдаушы, кейін қоймашы болып қызмет атқарған.

С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиндермен жақын таныс болып, Сейфуллинге атқосшы бола жүріп, ақынмен бірге Қазақстанның көп жерлерін аралайды. Қоғамдық жұмыспен бірге, поэзияны қатар алып жүреді. 30-шы жылдары Ш. Әбенев біраз уақыт Жамбыл Жабаевтың әдеби хатшысы болған. Өзге де зиялы қауым өкілдері іспеттес, Шәкір ақын да 1937 жылғы сталиндік қуғын-сүргінге ұшырайды. Бұл айдаудан Ұлы Отан соғысының басында ғана, айып батальонына қызмет көрсету жайлы арыз жазған соң босап шығады. Соғыстың соңында ауыр жарақат алып, туған елге оралады. Алайда, ол тағы да соғыстан кейін сталиндік қуғын-сүргінге ұшырайды. Сібірде айдауда болып, ақын туған жеріне тек 60-шы жылдары ғана оралады.

Ж. Жабаев, Д. Нұрпейісова, Нартай, Шашубай, Иса, Нұрхан, Төлеу сынды суырып-салма ақындардың өнерін жалғастыра отырып, Ш. Әбенев халық ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделген өзіндік орнын қалыптастырған. Байрон, Гете, Пушкин, Лермонтов, Шевченко, Фет, Блок, Есенин сияқты әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларын оқыған. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасын бүгінгі күнге дейін жеткізген де осы – Ш. Әбенев. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасы 1937 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарияланған соң ақындық атағы шықты. Алайда, сол жылы «халық жауы» атанып, көрші қырғыз еліне асып кетеді. 1939 жылы Алматыға қайта оралып, Жанақ, Сабырбай, Түбек, Дулат, Байкөкше ақындардың әдеби мұраларын алғаш қағаз бетіне түсіріп, Қазақстан ғылыми-зерттеу ордаларына тапсырды. Маман-зерттеушілер Әбеневтың орындауында ондаған ән-күйді нотаға түсірді. Шәкір 1940-1941 ж.ж. Жамбылдың әдеби хатшылық қызметін атқарып жүргенде, жалған айыптау негізінде ұсталып, Семей түрмесіне қамалады. Ұлы Отан соғысы басталған соң өз еркімен соғысқа аттанып, Сталинград майданында ауыр жарақат алып, елге қайтып келеді. 1945 жылы саяси қуғындау қайта басталып, Әбенев Сібірге, Александров абақтысына айдалды. 1955 жылы түрмеден босап, 1961 жылы толықтай ақталды. Ол Абайдың әдеби мектебінің Кеңес дәуіріндегі белді өкілдерінің бірі ретінде танылған. Әбеневтың тарихи-танымдық тақырыптарды қозғаған «Кейпін батыр» (1939), «Таңшебер - Жапал» (1962), «Ортақ арал» (1968), «Қорқыт қобызы», «Пәрмен», «Алданған қыз», «Патша мен байғыз», «Ана махаббаты», «Тоқтамыс батыр» атты дастандары «Шыңғыстау» (1980), «Шыңғыстау сазы» (1985), «Дастандар» (1991) деп аталатын жыр-жинақтарына, т.б. басылымдарға енген. Айтыс ақыны ретінде оның кеңінен танымал Т. Әміреновпен айтысы «Айтыс» (3-т., 1968) жинағында жарияланады. «Алтай аруы», «Сары жұлдыз» т.б. 20-дан астам ән-күйлері бар. Ақын 20-шы ғасырдың аяғында ғана 90 жылдығына орай ақталды.

Қарт шежіреші, батагөй қария Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа ұлттық дәстүрде салтанатты жағдайда халық атынан ақ бата берген (10.12.1991). 1991 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Әбшұлына Шәкір ақсақалдың берген батасы:

«Сарыарқа – туған жерім, елім – қазақ  
Қазақ елі ежелден көкседі азат.  
Көп естіп, көпті көріп, аз білсем де,  
Мен бір ғасыр куәсі – экспонат.  
Біз көрген зобалаңды, қуғын-сүргін,  
Енді ешкім көрмес үшін қанды қырғын,  
Бар ұлттың тілін тауып, табыстырған,  
Нұрсұлтаным, жұлдызың жанды бүгін.  
Зерек ақыл, зерделі ой, батыл жүрек,  
Жаман ат жапсыра алмас жатың тілеп.

Қарадан хан туған деп қадірлеген,  
Қазағың ғұмырыңды отыр тілеп.  
Абылайым бүгінгі Сен емес пе?  
Қазағым өзге жұртпен тең емес пе?!  
Халқыңа Тәуелсіздік нұрын шаштың,  
Тар асу, тайғанақ жол, кербелесте.  
Ақ киізге көтеріп, хан сайласқан,  
Қарт атаң тоқсан бірде мен емеспе?!

Халқың сүйген перзенті екенсің, енді сол халқың айтар бата берейін. Қазақта бата деген екі түрі болады: бірі — негізгі бата, екіншісі – лебізді бата. Негізгі бата – ол Нұрсұлтан Әбішұлына халықтың батасы, ол үшін үш міндет атқару керек:

1. Жұмыскер, диканшы, мал өсіруші шаруалардың еңбегіне ысырап жасатпай, дұрыс басшылықпен бақылап отыру;
2. Халыққа зиян келтіретін, зорлық пен зомбылыққа аяусыз жаза бергенге тыйым салу;
3. Әлде қандай себеппен өзі қателессе, халықтан кешірім сұрап, өз қатесін өзі түзеу;

Міне, мұны халық пен лебіз бата дейді. Ал, енді беретін батам негізгі бата, ол осы отырған халықтың асық арманы, келешекте тілеген тілек алу. Хақ Тағала Қазырет халқымыздың береке бірлігін нығайтып, халық сайлаған Нұрсұлтан Әбішұлының абырой, атақ-даңқын өсіп, әлемге әйгілі болып, тарихтың дәптерлеріне жет. Халыққа зиян келтіретін, ұрлық әдет жойылып, бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығарып, халқымыздың мерейі үстем бола берсін! Аллаһу акбар!», - деген еді.

Шәкір Әбенев - өткен ғасырдың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ол халық жырларының қолжазба үлгілерін ҚазССР ҒА-ның әдеби секторына тапсырып отырған. Көптеген айтыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленген. Ақын өмірі қиындыққа толы болса да, өлеңдері жалынды еді. Қаламгер туындылары бізге толығымен жетпеген, олардың бірқатары қолжазба түрінде сақталған. Шәкір Әбеневтің туындылары халықтың мұң-мұқтажын жырлады. Күйлері арқылы өзі өмір сүрген жылдардың бет-бейнесін көрсетті. Қазақтың дәстүрлі күй өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Құдіретті күй өнерінің қасиетті өнеріміздің бір тармағы екені даусыз.

Шәкір Әбенев 1994 жылдың 23-інші қазанында қайтыс болған. Қадірлі ақсақал, алаш арыстарының көзін көрген текті ұрпағы, өзі өмірі қуғын-сүргіннен көз ашпаса да еш қайыспаған қазақтың қара нары Шәкір Әбеневтің қазасына орай Елбасы Н. Назарбаев: «Шәкір атамыздан ақ бата алған сәт менің ғұмыр бойы жадымда жүретін болады» деп толғанған болатын.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
3. Заңғар Кәрімхан. Елбасыға бата арнаған Шәкір Әбенев туралы 15 дерек// Қазақстан тарихы порталы 2016 жыл 11 желтоқсан
4. [youtube.ru//](https://www.youtube.ru/)Әсем ән, тәтті күй.Шәкір Әбеневтың Елбасына берген батасы.22 қараша 2016 ж.
5. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005